

Республиканың жергілікті бюджеттерін түзу мен атқару жөніндегі жұмыстың жай-күйіне кешенді тексерістер жүргізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 7 наурыз N 227. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.04.22. N 605 қаулысымен. ~P970605

Бюджеттерді түзу мен атқару жөніндегі жұмыста жіберілген кемшіліктер мен тәртіп бұзушылықты дер кезінде анықтау және оны жою жөнінде тиімді шаралар қабылдау, шаруашылық жүргізуші субъектілерге есептелген салық сомаларын төлеу жөнінде бақылауды күшейту, ақша қаражаты мен тауарлық-материалдық құндылықтарды сақтауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Облыстардың, қалалардың, аудандардың бюджеттерін түзу мен атқару жөніндегі жұмыстың жай-күйіне шаруашылық жүргізуші субъектілердің, қаржы мекемелерінің қаржы-шаруашылық қызметін тексерулер мен тексерістерді қамти отырып, үш жылда кемінде бір рет кешенді тексеру жүргізген орынды деп саналсын.

2. Бюджеттерді түзу мен атқару жөніндегі жұмыстың жай-күйіне кешенді тексерістерді:

облыстардың, республикалық бағыныстағы қалалардың бюджеттері бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті Экономика министрлігінің, Қаржы министрлігінің, басқа да республикалық органдардың қатысуымен жүргізеді;

аудандардың, облыстық бағыныстағы қалалардың бюджеттері бойынша - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы бақылау комитетінің облыстар бойынша басқармалары тиісті қаржы және экономикалық органдардың қатысуымен жүргізеді деп белгіленсін.

3. Кешенді тексерістерді ұйымдастыру мен жүргізудің мынадай негізгі ұсыныстары анықталсын:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті аталған кешенді тексерістерді ұйымдастыру, жүргізу және методологиялық қамтамасыз ету үшін бас атқарушы, жауапты болып табылады. Аталған комитет, оның аумақтық органдары қызметкерлер құрамын - кешенді тексерістер жүргізуге жіберілген тексеру бригадаларының мүшелерін өз бұйрықтарымен бекітеді. Тексеру бригадасының жетекшісі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік

қаржы бақылау комитеті мен оның аумақтық органдарының басшы қызметкерлері ішінен тағайындалады;

аудан, қала, облыс бюджеттерін түзу мен атқару жөніндегі жұмыстың жай-күйіне жүргізілген кешенді тексерістер қорытындылары аудандық, қалалық, облыстық әкімшіліктер алқасының мәжілістерінде талқыланып, тиісті шешімдер қабылданады. Кешенді тексерістер қорытындылары туралы депутаттардың тиісті Мәслихат - жиналыстарына хабарланады.

Облыстарда, республикалық бағыныстағы қалаларда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті жүргізген кешенді тексерістер нәтижелері туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ауық-ауық баяндалып отырады. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы бақылау комитетінің облыстар бойынша басқармалары жүргізген аудандардың, облыстық бағыныстағы қалалардың бюджетін тексерулер қорытындылары жөніндегі осындай ұқсас баяндаулар ауық-ауық облыстар әкімдеріне және депутаттардың облыстық Мәслихат - жиналыстарына беріліп отырады.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесіп, жергілікті бюджеттерді түзу мен атқару жөніндегі жұмыстың жай-күйіне кешенді тексерістер жүргізудің осы тәртібін бекітуге байланысты қолданылып жүрген заңдарға өзгертулер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар беретін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі